Key words: Advertising, advertising discourse, advertising text, advertising language, market, economy, recipient.

Жарнама соңғы бірнеше онжылдық көлемінде дамыған нарықтық экономикасы мен мәдениетінің бұқаралылығымен ерекшеленетін қазіргі қоғамның ажыратылмас бір бөлігіне айналуға. Қазіргі таңда жарнама тілдік амал-тәсілдердің бірнеше түрлерін, сонымен қатар вербалды және бейвербалды құралдарын біріктіріп қолдану арқылы сатып алушылық іс-әрекеттеріне ықпал ету мақсатында көпшілік санасына әсер ету қарқынының күшіне қатысты тек өнер және дінмен ғана салыстыруға келеді.

Бірінші кезекте, жарнама тарихына тоқталып өткеніміз жөн. Жарнама жайында ең алғаш түсінік 1700 жылы Англияда пайда болды. Жарнама дегеніміз не? Бұл сұраққа жарнама агенттері әр түрлі жауаптар береді. Қазіргі жарнама «әкесі» аталған Альберт Ласкер оған мынандай түсініктеме береді. «Жарнама – бұл баспа түріндегі сауда». Осындай

анықтама радио мен телевидение пайда болмай тұрып берілді. Бұл кездерде жарнаманың ауқымы мен сапасы бүгінгімен жер мен көктей айырмашылығы бар еді. Жарнама жайлы әртүрлі анықтамалар бар. Сонымен, жарнама – бұл ақпарат беру, әдетте төленетін және сенім пікірін тудыратын құрал. Ол көбіне өнім мен жарнама таратушының ойын іске асырумен айналысады.

Жарнама нышандары адамзаттың өзін-өзі танып, саналы тіршілікке көшкен уақытында пайда болды деуге негіз бар. Адамдардың алғашқы томаға-тұйық қауымдастықтарында өмірге келген жарнама дами келе мәдени факторға айналып, тіл, діл, дін, әдет-ғұрып сияқты өзге де объективті алғышарттармен бірге адамзат дамуының өркениеттік ұғым-түсінігін қалыптастырды. Ал, ақпарат алмасу тұрғысынан алғанда өркениет дегеніміз ең биік деңгейдегі мәдени қауымдастықтың, аралас-құраластық пен сан қырлы байланыстың, яғни коммуникацияның жоғары даму сатысы. Жарнама нышандарын алғашқы қауымға қауіп-қатер төнгенде дабыл (сигнал) қағарлық міндетті орындаған, бір тайпаның адамын келесі тайпаның өкілінен ажырата білген әлеуметтік ақпарат ретінде қарастыруға болады. Тайпа мүшесінің сақал-шаш жіберуінен, киім киісінен, денесінің түрлі бөліктеріне таңба салуынан осындай ақпарат «көзге ұрып тұратын». Бұл кезеңде жарнама нышандарының экономикалық сипатынан әлеуметтік бағыты басым болды, яғни осы арқылы билік тұтқасын ұстаған өкілетті тұлғалар, ауқатты топтар қарапайым халықтан айырмашылығы болды.

Ж.Бекболатұлы өз еңбектерінде жарнаманың даму үдерісін шартты түрде бірнеше кезеңге бөліп көрсетеді:

«Б.д.д. III мыңжылдық - б.д. V мыңжылдық - жарнаманың ілкі тарихы (ежелгі дәуір, антикалық кезең және антикадан кейінгі кезең);

VI-VII ғғ. - орта ғасырлар (феодализм дәуірі, өнеркәсіпті цехтық тәсілмен ұйымдастырудың қалыптасуы);

XVI-XVII ғғ. - Ренессанс және ағарту дәуірінің жарнамасы;

XIXғ.-XX ғ. басы - индустриялық өндірістің және капиталистік экономиканың даму кезеңі» [1, 4].

Жарнама қоғамдағы экономикалық үдерістерді ынталандыратын, сонымен бірге бұқаралық аудиторияға үлкен әсер ететін мықты құрал болып саналады. Әрине, жарнаманың әрбір түрі жеке талдауды қажет етеді. Өйткені, оның әрқайсысының прагматикалық сипаты өз алдына бірқатар факторлармен айқындалады: жарнама иесі, жарнамаланушы нысанның ерекшелігі, мақсатты бағыты, аудитория құрамы және т.б. Сол себепті де жарнама дискурсындағы әсер ету құралы ретіндегі тіл қолданысының тетігін терең әрі жан-жақты зерттеу үшін жарнаманың тек жалпы бағытын ғана емес, сондай-ақ жоғарыда аталған белгілермен сабақтасатын ерекше сипаттарын қарастыру да қажет деп санаймыз. Қазіргі таңда жарнама әсерлерінің тетіктерін түрлі шетелдік мамандар белсенді түрде зерттеумен айналысып келеді: тілшілер, психологтар, маркетинггерлер, социологтар, мәдениеттанушылар, журналистер мен құқықтанушылар және т.б. Дегенмен, жарнаманың сатып алушыға дайын өнім ретінде, яғни мәтін формасында ұсынылатынын ескеретін болсақ, оның негізінен лингвистикалық білім саласында зерттелуі қажеттілігі мен міндеттілігін көрсетеді. Ал бұл салада, әсіресе орыс тіл білімінде осы кезге дейін бірнеше бағытта зерттеулер жүргізілгенін атап өткен жөн:

- жарнаманың прагматикалық және психолінгвистикалық аспектілері (Л.В.Матвеева, П.Б.Паршин, О.Н.Рыбакова және т.б.);

- жарнама мәтінінің құрылымдық және стилистикалық аспектілері (Е.С.Кара-Мурза, Н.И.Клушина, Н.Н.Кохтев, Л.Г.Фещенко және т.б.);

- жарнаманың риторикалық аспектілері (Е.В.Медведева, А.В.Ульяновский және т.б.);

- жарнаманың лингвомәдениеттанымдық аспектілері (Л.А.Кочетова, Е.А.Курченкова, Ю.Б.Пикулева және т.б.);

- жарнаманың гендерлік аспектілері (З.П.Пименова, А.Г.Дульянинов және т.б.);

- жарнама мәтінінің тілдік ерекшеліктері (Т.Н.Лившиц, Ю.К.Пирогова және т.б.);
- жарнамадағы сөйлеу амал-айлалары (И.А.Имшенецкая, Т.В.Полетаева, Е.С.Попова және т.б.).

Жарнаманың негізгі функциялары:

- экономикалық (утилитарлы) – бұл сауда көлемін көбейтіп, кірісті арттыру;
- ақпараттық шығарушылар – бұл белгілі бір тауарлар жайлы толық ақпарат беру;
- маркетингтік (коммерциялық) – тауардың сауда нарығында жылжуына себеп болады;

- қатынасты (идеологиялық) – бұқараға назар аудартады;
- тәрбиелі (ұйымдастырулы) – жарнаманың бұқара санасына әсер етуі;
- мәдениетті – эстетикалық қанағаттанушылықты толықтырады.

Жарнама мақсаты:

- сауда нарығын кеңейту;
- бұқараға тауар жайлы хабарлау;
- фирманың атағын, тауар белгісін қалыптастыру және ұйымдастыру;
- тауардың пайдалылығы мен артықшылығын хабарлау;
- қарсыластарға тойтарыс бере алу.

Жарнама біреудің не бірнәрсенің көпшілікке танылуы жолындағы мүмкін деген барлық әдіс-тәсілдермен таныстырып, тұтынушыға қажет тауарлар жайлы толыққанды ақпарат береді. Қызмет көрсету саласындағы басымдылықты көрсету арқылы сұранысты арттырып қана қоймай, экономика, мәдениет пен саясатқа елдің белсене араласуы үшін, осы салаларға да шолу жасайды.

Көптеген зерттеулер бірнеше ғылыми бағыттар сабақтастығында жүргізілгені жарнама феноменінің күрделілігі мен көп қырлылығын көрсетеді. Алайда, жарнама мәтінінің ерекшелігіне зерттеушілер жете мән бергенімен, оның дискурстық табиғаты мен прагматикалық, лингвомәдени-танымдық аспектілері толық қарастырылған емес.

Жарнама – бұл ерекше қызмет түрі, ал жарнаманың негізгі қызметтерінің орындалуына бағытталған оның жекелеген элементтерінің жиынтығы дискурсты құрайды. Ал жарнаманың негізгі қызметтерінің ішінде, ең алдымен прагматикалық қызметі ерекшеленеді, сол себепті де жарнама дискурсының құрылымында ең бірінші орында болып прагматикалық блок тұрады.

Жарнамадағы тіл – бұл адресатқа әсер ету мақсатында қолданылатын құрал, ал егер қазіргі жарнамалардың үлкен әсер етушілік күшін ескеретін болсақ, онда дискурстың бұл элементінің жетекші рөлі ешбір күмән келтірмейтіні сөзсіз. Сондай-ақ жарнамалық қызметте коммуникативтік блоктың да маңызы ерекше болып келеді, өйткені көбіне коммуникативтік үдеріс тиімділігінен жалпы жарнама хабарламасының сәттілігі тәуелді болады. Коммуникативтік қызметтің тиімділігі ойын тәжірибесінің нәтижесінде арттырылады, ал ол, өз кезегінде көбіне адресаттың үлкен қызығушылығының пайда болуына алып келетін тілдік ойын негізінде құралатын дайын өнім – мәтін жасау үдерісі кезінде, сонымен қатар тауарды сату (түрлі лотерея, байқау, конкурстар өткізу және т.б.) кезінде де жүзеге асырылады.

Үшінші блок – ақпараттық деп аталады. Бұл блок жарнама қызметінде ең бір таратылған түрі болып есептеледі, себебі мұнда дискурс білім мен таным үдерісі ретінде қарастырылады. Жарнамаға қатысты бұл үдеріс қарастырылушы нысанның бұл тауарды қалай пайдалану керектігін үйретуімен, үгіт-насихат жасауымен байланысты, яғни бұл тауар номанклатуралық атаулар мен терминдерді қолдану арқылы өзі тектес заттар қатарына жатқызылады. Бұл блок дискурстың жетекші элементімен тығыз байланысты: тауарды ерекше етіп көрсету, оған сипаттама беру, өзі тектес заттардың арасында оның ұтымды жақтарын белгілеп беру – бұл прагматикалық блоктың міндеттеріне жатқызылады.

Жарнама дискурсының тағы бір айрықша ерекшелігі – семиотикалық блогының болуында. Аталған блоктың дискурс құрылымында болуы мен оның құрылысына қатысуы,

ең алдымен тұтынушыға белгілі бір ақпарат беретін таңба-символдардың, басқа да бейнелердің қолданылуымен анықталады.

Сонымен, дискурс құрылымында орталық орын алатын блок – бұл лингвистикалық, себебі прагматикалық та, коммуникативтік те, сондай-ақ ақпараттық блок та, негізінен лингвистикалық құралдар арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да, қазіргі таңдағы жарнама бұқаралық коммуникацияның бір формасы ретінде күрделі тілдік жүйе болып анықталады. Оның басты ерекшелігі әсер ету факторы болып саналады.

Кез келген жарнама мәтіні – жарнама дискурсының соңғы нәтижесі мен өнімі болып табылады. Ал жарнама дискурсы – дегеніміз белгілі бір оқиғалы мәнмәтінмен тығыз сабақтастықта болатын, қатысушылардың әлеуметтік және психологиялық сипаттамаларымен байланысты жүргізілетін жарнама хабарламасының жасалу үдерісі. «Оның бірнеше ерекшеліктері болады:

- *прагматикалық бағыттылығы*: жарнама мәтіні, ең алдымен белгілі бір мақсатқа жету құралы болып табылады, ал жарнамалық хабарламаның мақсатты бағыты – бұл сату. Сондықтан да, жарнама мәтіні бірнеше қызметтерді қатар жүзеге асырады, ал олардың ішінде ең маңыздылары ақпарат беру мен әсер ету болып саналады;

- *креолизациялау*: жарнама мәтінінің құрылымында вербалды және бейвербалды компоненттердің қатар қолданылуы;

- *стильдер диффузиясы*: бір сөйлеу шығармасында түрлі функционалды стильдер белгілерінің қолданылуы;

- *стандарт пен экспрессия үйлесімділігі*: бір жағынан алғанда, стереотиптерге бағытталуы, ал екінші бір қырынан қарағанда адресатқа әсер етуге бейімделген ерекшелікке, өзгешелікке, әдеттегіден тыс нәрселерге талпыныс жасауы;

- *бағалаушылық*: бұл кез келген жарнама мәтінінің маңызды сипаттамасы болып саналады, себебі жарнамалау – бұл белгілі бір нысан туралы қарқынды түрде тиімді ақпарат беру және оған позитив баға беру дегенді білдіреді;

- *имплициттілік*: жарнама түрлі ықшамды, үзікті кейде жасырын мәтін ұйымдастыру формаларын кеңінен қолданады;

- *диалогтылық*: жарнама хабарламасы формасы бойынша монологтық болғанымен, көп жағдайда мазмұны мен мәніне қатысты диалогтық болып келеді, өйткені жарнама болашақ тұтынушыға тек тауар немесе бір қызмет туралы хабар беріп қана қоймай, сонымен бірге оны диалогқа тартады;

- *композиция ерекшелігі*: жарнама мәтіні келесі компоненттерден тұрады: логотип, тақырып, слоган, негізгі мәтін, фирманың реквизиттері (коды), бейне» [2, 7].

Сонымен, жарнама – бұл функционалды, семантикалық-құрылымдық тұтастық болып табылатын көпәспектiлi құбылыс. Жарнамалық хабарламалардың тілдік кеңістігі мән-мағына жасау тетіктерін талдауға қажетті көптеген материал беретін вербалды ғана емес, сонымен бірге бейвербалды феномен болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бекболатұлы Ж. Бренд дегеніміз – идея // «Экономика» Республикалық апталық газеті. – 14 қараша. – 2014. – 22 б.
2. Оболева Т., Суперанская А. Товарные знаки. - Москва, 1986. — 176 с.

ВЕРБАЛДЫ ҚАТЫСЫМДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТАПТАУРЫНДАР КӨРІНІСІ

Терекбаева Актоты Терекбайқызы

*Гуманитарлық ғылымдар магистрі, «Гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы
Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би көш., 52;*

Қазақ лингвистикасында ерлер мен әйелдердің тілін коммуникативтік және когнитивтік жағынан зерттеу ерекше орын алады. Бұл мақалада қызық тіліндегі гендерлік қатысымның бейвербалды қарым қатынасы қарастырылады.

ОТРАЖЕНИЕ ГЕНДЕРНЫХ СТЕРЕОТИПОВ В ВЕРБАЛЬНОМ АСПЕКТЕ

Терекбаева Актоты Терекбаевна

*Магистр гуманитарных дисциплин,
преподаватель кафедры «Гуманитарных дисциплин»
Казахско-Русский Международный университет, 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;*

Исследование языка мужчин и женщин с коммуникативной и познавательной позиции в казахском языкознании занимает особое место. В данной статье рассмотрены гендерные аспекты вербальных отношений казахского языка.

REFLECTION OF GENDER STEREOTYPES IN THE VERBAL ASPECT

Terekbayeva Aktoty Terekbayevna

*Master of arts, lecturer of the chair of «Humanitarian Disciplines»
Kazakh-Russian International university, 030006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52;*

The study of the language of men and women from a communicative and cognitive position in Kazakh linguistics occupies a special place. In this article, the gender aspects of the verbal relations of the Kazakh language are considered.

Қарым – қатынас адамның тіршілік бейнесі. Ол адамның дүниетануында, мәдени өмірінде, тұрмыс салтында күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандырудағы адамға тән табиғи қасиет.

Қатынас жасау, өзгелермен тіл табысу - әрбір адамның өмір тәжірибесіне, біліміне, тапқырлығы мен ақыл – ойына, парасатына байланысты жүзеге асып отыратын қажеттілігі. Тіл табысып өзгелермен қатынас орнату әрбір адамның өзіндік талғам тілегін, ықылас – ынтасын жалпы адамға деген адами көзқарасын жете түсінуді талап етеді. Қарым – қатынас нәтижесінде адамның тұлғалық қасиеті, өзгелерге деген қамқорлығы мен жанашырлығы сезімі, ізгі көзқарасы қалыптасады. Тіршілік ортасы мен өмір сүрудің сан алуан сырларын біліп, жеке басының қадір – қасиетін арттырады. Адам өзін өзгелердің орнына қойып байқап, оның ішкі дүниесінің сырын да барлап біледі. Тұлғаны дамыта оқыту мәселесін зерттеген В.В.Давыдовтың пікірі бойынша жеке тұлға дегеніміз-жаңа материалдық және рухани өнімді өндіруші әрекет субъектісі. Осылай өнімді өндіру шығармашылық болып табылады [1]. Қарым-қатынас күрделі шығармашылық әрекет.

Л.С.Рубинштейн «дамудың негізі себептердің ішкі жағдайға байланысты әрекетінде. Сондықтан өзіндік белсенділік балада /оқыту, ішкі жағдай/ туындаушы емес, бастапқы болады. Бастапқы болып қалатындар осы ішкі әсерлер, нормативтік қоғамдық үлгілер т.б.,

бірақ олар жанама түрде адамның барлық өмірінде ішкі жағдайлардың тұтас жүйесіне/ тұқым қуалау, өмірлік тәжірибе/ және адам тұлғалығына басымдық танытады. Яғни, қандай да болсын ішкі себептердің әрекеттесуі дамудың ішкі негізіне байланысты» болатынын көрсетеді [2].

Қарым – қатынас мәнін анықтауда оның функционалдық және деңгейлік ұйымдасуы жайлы зерттеулердің маңызы ерекше (Б.Д.Парыгин, Г.М.Андреева, А.А.Бодолев, А.А.Брудный, А.А.Леонтьев, Б.Ф.Ломов, Л.А.Карпенко, В.Н.Панферов, Е.Ф.Тарасов, Я.Яноушек және т.б.). В.Н.Панферов қарым – қатынасты: байланыс, өзара әрекет, таным, өзара қатынас деп бөліп, осыған сәйкес қарым – қатынасты зерттеуде: коммуникативтік, ақпараттық, гностикалық және реттеушілік бағыттарды ұсынған.

Қарым-қатынастың құрылымы мен атқаратын функциясының күрделілігі қарым-қатынастың өзара байланысты үш жағынан байқалады. Олар:

- ақпараттық (немесе коммуникативтік), қарым-қатынасқа түсетін адамдар арасында ақпарат алмасу жүреді;
- өзара әрекеттесу (немесе интерактивтік) қарым-қатынас жасаушылардың білім, идея, жай-күй ғана емес әрекет алмасуларымен ерекшеленеді.
- түсінісу (немесе перцептивтік), қарым-қатынастағы серіктестердің бір-бірін қабылдауы, бағалауы және түсінуі болып табылады.

Коммуникативті жағы- ақпарат алмасуда, интерактивті – қарым – қатынас серіктерінің қарым – қатынасының таңбалық жүйелерін кодтау, өзара әрекеттерін реттеуде, перцептивті - әңгімелесушіні салыстыру, сәйкестендіру, апперцепция, рефлексия сияқты механизмдердің көмегімен «оқу» кезінде бір-бірімен байланысты жүзеге асырылады.

Қарым қатынас: а) Бірігіп әрекет ету қажеттілігінен туындайтын, құрамына ақпарат алмасу, өзара әрекеттесудің біртұтас стратегиясын жасау, өзге адамды қабылдау және түсіну, адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуының күрделі, көп мақсатты процесі; б) Субъекттердің белгілілік құралдармен жүзеге асырылатын, бірігіп әрекет ету қажеттілігінен туындаған және серіктесінің жай-күйін, мінез-құлқы мен тұлғалық-маңыздылық құрылымын өзгертуге бағытталған өзара әрекеттесуі.

Қарым-қатынаста бірінің әрекеті екіншісінің әрекетіне бейімделуіне қол жететін кемінде екі адамның әлеуметтік коммуникациясының не қарым-қатынасының формасы - әлеуметтік әрекеттестік болып табылады. Тұлға диспозициясы – әрекеттің белгілі бір жағдайлары және осы жағдайлардағы белгілі бір мінез-құлықты қабылдауға деген бейімділіктердің жүйесі.

Әлеуметтік институт – адамдар бірігіп әрекет етуін ұйымдастырудың тарихи қалыптасқан, тұрақты формалары. Өмір салты – адамның тарихи нақты әлеуметтік қатынастары типтік болып табылатын өмір сүру формасы. Фактілік қатынас – коммуникативтік құралдарды тек қатынас процесін қолдау мақсатында ғана пайдаланатын қатынас.

Әлеуметтік-психологиялық біліктілік – индивидтің өзін қоршаған адамдармен тұлғааралық қатынастар жүйесінде тиімді әрекеттесе алу қабілеті.

Формасы мен түрі жағынан қарым-қатынас алуан түрлі. Психологтар тікелей және тұспалдық, тура және жанама, вербалды (сөзбен) және бейвербалды т.б. қарым-қатынас түрлерін көрсетеді.

Психикалық процестер, адам мінез-құлқының қалыптары мен ерекшеліктері дәл осы қарым-қатынаста туындайды, іске асады және танылады.

Өзінің міндеті бойынша қарым-қатынас көп функциялы. Оның мынадай негізгі функциясын бөліп көрсетуге болады [3]:

1. *Прагматикалық функция* адамдардың біріккен іс-әрекеті процесінде өзара әрекеттесуде жүзеге асады.

2. Қарым-қатынастың *қалыптастырушы функциясы* адамның тұлға ретінде даму және қалыптасу процесінде танылады. Үлкендермен қарым-қатынас жасамастан ешкім қазіргідей бола алмас еді.

Даму барысында бала мен үлкен адамның сыртқы қарым-қатынас формалары ішкі жоспарға айналады.

3. *Растау функциясы*. Біз өзге адамдармен қарым-қатынас жасағанда ғана өзімізді өзіміздің алдымызда танып, түсініп, растай аламыз. Өз құндылығының мойындалатындығына көз жеткізу үшін адам өзге адамдардың қолдауын іздегенде осы функция көрінеді. Уильям Джеймс өзі адам үшін «қоғамда өзімен өзі қалдырылып, мүлдем ескерусіз қалғаннан артық жаза жоқ». Кейде психологтар бұл жағдайды «расталмау» деп атайды.

4. *Тұлғааралық қатынастарды ұйымдастыру және қолдау функциясы*. Кез-келген адамның қарым-қатынасы өзге адамдарды бағалаумен және белгілі бір – жағымды немесе жағымсыз эмоциалық қатынасты орнатумен байланысты. Тіпті бір адамның өзіне әр түрлі жағдайда біз түрліше қатынас жасаймыз.

5. *Тұлға ішіндегі қарым-қатынас формасы*. Өз-өзімен жүргізетін диалогтың негізінде адам белгілі бір шешімдер қабылдап, маңызды әрекеттерге барады. Мұндай «ішкі» қарым-қатынасты адам ойлауының әмбебап тәсілі ретінде қарастыруға болады. Психологияда қарым-қатынастың негізгі үш типі: манипуляциялық, императивті және диалогтық көрсетеді.

А. Императивтік қарым-қатынас, кейде өктемшіл немесе директивті деп атайды. Ол қарым-қатынастағы серіктестерінің бірі екіншісінің мінез-құлқы мен ойын бақылауға, қандай-да бір іс-әрекетке итермелеуге талпынуымен ерекшеленеді. Бұл жағдайда қарым-қатынастағы серіктес басқаруды қажет ететін машина сияқты, жансыз объект ретінде қарастырылады; ол пассив, «ырықсыз» жақ болады. Императивті қарым-қатынас құралы ретінде бұйрықтар, нұсқаулар, ережелер, талаптар, қорқыту және сол сияқтылар қолданылады.

Дегенмен кей мамандықтарда қарым-қатынастың бұл түрі өте тиімді қолданылады. Бұған: барлық әскери уставпен анықталған, әскердегі қатынас; талқылауға уақыт жоқ, ал кез келген кідіру орны толмайтын шығындарға алып келетін төтенше жағдайлардағы барлық жұмыс түрлері. Бірақ императивтің қолданылуы орынсыз болатындай салаларды көрсетуге де болады. Ол достар, жұбайлар арасындағы қарым-қатынас, бала – ата-ана, сондай-ақ педогогтік қатынастардың бүкіл жүйесі.

Б. Манипуляциялық қатынас императивтікке ұқсайды. Оның мақсаты - қарым-қатынастағы серіктесіне ықпал ету. Бірақ бұл жерде көздегеніне қол жеткізу жасырын жасалады. Императив сияқты манипуляцияда екінші адамның мінез-құлқы мен ойын бақылауға ұмтылады. Манипуляция бизнесте және ресми қатынастарда жиі кездеседі.

Өзгені өзінің ықпал ететін объектісіне айналдыру арқылы, шынайы серіктесін көрмей, байқамай, өз-өзімен өзінің мақсаттары мен міндеттерімен қарым-қатынас жасайды.

В. Диалогтық қарым-қатынас өктемшілдік және манипулятивтік типтерге қарсы, ол серіктестер құқықтарының теңдігіне негізделген. Диалогтық қарым-қатынас тек бірқатар арақатынас ережелерін сақтағанда ғана жүзеге асады. Диалогтік, басқаша айтқанда гуманистік қарым-қатынас түсінісудің, ашылудың анағұрлым терең деңгейлеріне жетуге мүмкіндік береді. Қарым-қатынасты қарастыру бұл құбылыстың күрделілігін, алуан түрлілігін оның функцияларының көп сатылылығын көрсетеді. Қарым-қатынас адам дамуының қайнар көзі. Ол бірлескен іс-әрекеттегі адамдар арасындағы ақпарат алмасу, байланыс орнату және оны шешу процесі. Бірлескен іс-әрекетті тудыратын қажеттілік, ары қарай қарым-қатынасты орнату стратегиясы жоспарланады. Қарым-қатынас адамның қабілетін, дүниетанымын, рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың жолы. Тұлға әрекетінің негізгі түрлері осы қарым – қатынас арқылы дамып жетіліп жүзеге асады. Өзге адамдармен қарым-қатынаста бола отырып адамзат жинаған білімді, оның тәжірибесін,

зандары мен нормаларын құндылықтары мен әрекет ету тәсілдерін меңгеру арқылы адам тұлға ретінде қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Давыдов В.В. Давыдов В.В. Виды обобщения в обучении. М.:Педагогика,1986,-235.
2. Рубинштейн Л.С. Человек и мир. М.:Наука.1997
3. Елеусізова С. Қарым – қатынас психологиясы. – А., 1995 – 64б.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Төлепберген Орынбек Сапарбекұлы

заң ғылымдарының магистрі,

БСМЖББ аға инженер-бағдарламашысы, полиция майоры

ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, 030011 Ақтөбе,

41 разъезд Курсанттар тас жолы 1;

Бұл мақалада білім алушылардың ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары, ақпараттандырудың кәсіби деңгейі мен дағдыларын қалыптастыру, ақпараттық технологияларды қолдану даярлығын қалыптастырудағы білім берудің модульды технологиясын қолдану туралы көрсетілген.

Түйінді сөздер: ақпараттандыру, теориялық талдау, кәсіби қасиеттер, педагог, студент, тұлғалық позиция, тепе-теңдік.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННО- ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ

Төлепберген Орынбек Сапарбекович

магистр юридических наук, старший инженер-програмист ОмИККО, майор полиции

Актюбинского юридического института МВД РК им. М.Букенбаева, 030011 г. Актобе, 41

разъезд Курсантское шоссе 1;

В статье говорится о педагогических условиях формирования информационно-технологической компетентности у обучающихся, о формировании профессиональных качеств и навыков информатизации.

Ключевые слова: информатизация, теоритически анализ, профессиональные качества, педагог, студент, личностная позиция, равенство.

THE PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR THE FORMATION IN INFORMATION AND TECHNOLOGICAL COMPETENCE

Tolepbergen Orynbek Saparbekuly

*Master of Law, Senior Software Engineer, of Department of monitoring and
controlling the quality of education the maior of police*

Aktobe Law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after

M.Bukembaev Cadet highway, 1;

The article deals with the pedagogical conditions for the formation in information and technological competence among students, and about the formation of the quality of informatization.

Key words: Informatization, theoretical anal ysis, professional skills, pedagog, student, personal position, equality.

Бүгінгі күні ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана білу қабілеті - қоғамның әрбір мүшесі үшін қажетті оқу, жазу біліктерімен тепе-тең саналуда. Осыған орай, осы бағытта болашақ мамандардың меңгерген білімі мен дағдылары

болашақта қоғам дамуының жолдарын анықтауға мүмкіндік бермекші. Сол себепті білім беруді ақпараттандыру педагогтарды даярлауда кәсіби қасиеттері мен деңгейлеріне жаңа талаптар ұсыну арқылы олардың жұмыстарында нақты қайта құруларды талап етуде. Педагогтарға программалау саласынан маман болу міндетті емес, өйткені оны сол мамандыққа сәйкес кәсіби дайындықтан өткен маман атқарады, алайда педагогтан программалаудан негізі түсінігі мен программист еңбегінің мәнін түсіне білу талап етіледі. Ал мұндай талаптарды жүзеге асыруда студенттердің ақпараттық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудағы педагогикалық шарттарын анықтау қажеттілігі туындайды.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде шарттар студенттердің іс- әрекеттінің аса жоғары деңгейіне жетуін қамтамасыз ететін, оқу-әдістемелік үдерістің іс-шараларының (объективті мүмкіндіктерінің) жиынтығы ретінде анықталады (М.Е.Дуранов, А.Я.Найн, Н.М.Яковлева және т.б.). Осыдан келіп, біздің зерттеуіміздің контекстінде, педагогикалық шарттар деп, біз кәсіби іс- әрекетте болашақ мұғалімнің ақпараттық технологияларды қолдануының аса жоғары деңгейіне жетуін қамтамасыз ететін, педагогикалық үдерістің өзара байланысқан және өзара әрекет ететін іс- шаралар кешенін түсінеміз [1].

Қазіргі кезде, мектептегі және жоғары оқу орнындағы даярлық мәселесін зерттеушілер, педагогикалық шарттардың бірнеше топтарын айқындап белгілейді. Бір ғалымдар оларға оқулықтарды, бағдарламаларды, шығармашылық және проблемалық тапсырмаларды жатқызады (И.М.Богданова, В.М.Горбунова және т.б.). Екінші бір ғалымдар тобы, компьютерлік жүйелерді қолдану арқылы орындалатын педагогикалық іс-әрекетті модельдеуді, зерттелетін материалдың мазмұны мен ерекшелігіне байланысты, әдістер мен формалар кешенін қолдануды маңызды деп санайды (И.В.Алехина, В.И.Андреев, А.А.Вербицкий, Н.Н.Виноградов, Е.А.Перевалова, С.М.Кеңесбаев, К.М.Беркімбаев және т.б.). Болашақ мұғалімдердің даярлығының нәтижелі болуына ықпал ететін шарттарды сипаттай отырып, З.С.Левчук, В.П.Пустовойтов, З.В.Семенова, Ж.А.Қараев студенттің танымдық үдерістерінің ерекшеліктерін – есте сақтауды, қиялды, ойлауды және т.б., мотивациялық-ерікті сфераны, педагогикалық эмпатияны қалыптастыруды, қарым-қатынастағы коммуникативтілік пен мәдениетті, іс- әрекетін өзіндік тексеру және өзіндік тану қабілетін есепке алудың қажеттілігін атап көрсетеді. Э.И.Кузнецов, М.А.Лейбовский, И.М.Марусева, М.Ташбалтаев және т.б. зерттеушілер, маңызды шарттар ретінде, студенттердің ақпараттық мәдениетін тәрбиелеуге психологиялық-педагогикалық және арнайы даярлықтың бағдарлануын атап көрсетеді. Г.Н.Чусавитина болашақ кәсіби іс-әрекетте электрондық-коммуникативті құралдарды қолдану мәселесін зерттей отырып, келесі педагогикалық шарттарды анықтайды: модульды тәсіл, оқытудың инновациялық бағыттылығы, білімді және біліктерді меңгерудің шығармашылық сипаты.

Педагогикалық шарттардың алуан түрлілігі көп жағдайда, жоғары оқу орнына қоғамның қоятын өзгермелі талаптарына сәйкес, нақты зерттеулердің мақсаттары мен міндеттеріндегі айырмашылықтармен түсіндіріледі. Бұдан басқа, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау көрсеткендей, жоғары оқу орнында білім берудің тиімділігінің маңызды бағыты ретінде, студенттің аса белсенді позицияда болуға және толыққанды оқу әрекетінің субъектісі ретінде қалыптасуға мүмкіндік беретін, яғни оқудың саналылық шарттарын құруға, оған студентті интеллектуалды, тұлғалық және әлеуметтік белсенділік деңгейінде енгізуге мүмкіндік беретін, педагогикалық шарттарды құру алынады. Болашақ мұғалімнің танымдық белсенділігі принципін жүзеге асыру, детерминизм принципін қамтамасыз етуді білдіреді: сыртқы себептер ішкі шарттар арқылы әрекет етеді[2].

Ішкі шарттар ретінде, алуан түрлі субъективті факторлар алынады: болашақ кәсіби іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолданудағы мотивацияның түрі және деңгейі, болашақ мұғалімнің тұлғасының өзінің іс- әрекетінде ақпараттық технологияларды

қолдануға қатынасы, кәсіби іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолданудың тәсілдері және т.б. Осы факторлардың интеграциялық көрінісі ретінде кәсіби іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолдануда субъектінің белсенділік деңгейі, кәсіби іс-әрекетте студенттің тарапынан ақпараттық технологияларды қолдануға және оқытушының басқару даярлығын қалыптастыру үдерісін өзіндік басқару деңгейі алынады.

Жоғарыда баяндалғандардан, студенттің болашақ кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды қолдану даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары ретінде келесілер алынатынын атап көрсетеміз:

- кәсіби іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолдану даярлығын қалыптастыру үдерісінде, болашақ мұғалімнің тұлғасының субъективті позициясын өзекті ету;

- кәсіби іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолдануға студенттердің даярлығын қалыптастыру үдерісін басқару және өзіндік басқарудың жылдамдығы;

- кәсіби іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолданудың теориясы мен практикасы бойынша, оқу материалын құрылымдаудың модульды технологиясы.

Қазіргі заманғы жоғары оқу орнында білім берудің болашақ педагогтың тұлғалық-кәсіби дамуына бағдарлануы, студенттердің өзіндік тануын, өзіндік дамуын белсендіруге бағытталған, олардың кәсіби іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолдану және зерттеу саласында өзіндік жетістіктерге қатынасын өзгертуге бағытталған шарттарды құру мәселесін қояды.

Біздің пікірімізше, студенттің тұлғалық позициясын дамыту, оның кәсіби іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолдануы бойынша тәжірибесінің мәнін арттыру, даярлықты қалыптастыру үдерісінде оның субъектілі позициясы төмендегілер арқылы өзектіленетінін көрсетті:

- кәсіби іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолдану бойынша студенттің тұлғалық жетістіктерін ынталандыру;

- кәсіби іс-әрекетте (проблемалық оқытуда) ақпараттық технологияларды қолдануға студенттердің даярлығын қалыптастыру үдерісінде проблемалық ситуацияларды құру;

- студенттерді тұлғалық-мәнді іс-әрекетке енгізу.

Тұлғаның жетістіктері іс-әрекеттегі жетістіктер мен өзіндік тұлғалық жетістіктерге дифференциацияланады. Іс-әрекетте тұлғаның жетістігі, іс-әрекеттің мақсатына қарай қозғалыс ретінде, алынған нәтижелердегі оң динамика ретінде қарастырылады, яғни тұлғаның іс-әрекетінің кез келген нәтижесі оның жетістігі емес, белгілі қайта құруларды сипаттайтын оң нәтиже болып табылады. Тұлғаның іс-әрекеттегі жетістіктері оның тұлғалық жетістіктерімен байланысты болады. Іс-әрекетте тұлғаның жетістіктері, оның бойындағы жағымды өзгерістер үшін маңызды алғышарт ретінде алынады (оның құндылық бағдарлары, ұмтылыстары, қатынастары және т.б.), алайда, бұл осы жетістіктерге деген тұлғаның белгілі қатынасы арқылы жүзеге асырылады.

Студенттің тұлғасының кәсіби іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолдану және меңгеру бойынша, іс-әрекеттегі өзінің жетістіктеріне қатынасы алуан түрлі болуы мүмкін. Студент өзінің жетістігін немесе сәтсіздігін жағымды және жағымсыз бағалай алады; жетістіктерге ұмтылады немесе ол туралы ойланбайды; жетістікке жету үшін күш-жігерін жұмсайды немесе ешбір күш жұмсамайды. Басқаша айтқанда, адамның жетістіктерінің тұлғалық мәнінің дәрежесі алуан түрлі болуы мүмкін. Іс-әрекеттің алуан түрлеріндегі өзіндік жетістіктердің төменгі тұлғалық мәні, адамның дамуын тежеуі мүмкін, ал жоғары тұлғалық мәні - өзін-өзі жүзеге асыруға бағдарланған, адамның дамуын ынталандыруы мүмкін.

Кәсіби іс-әрекетте болашақ мұғалімнің ақпараттық технологияларды қолдану даярлығын қалыптастыру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етудің келесі шарты ретінде, аталған үдерісті басқару және өзіндік басқарудың жылдамдығы (маневренность) алынады. Кәсіби іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолдану даярлығын қалыптастыруды басқарылатын үдеріс ретінде түсіндіруге сүйене отырып, біз аталған үдерістің оқытушының тарапынан басқару және студенттің өзіндік басқаруы жағдайында жетістікпен жүргізіледі

деп санаймыз. Н.Ф.Талызина аталған іс-әрекет түрлеріне даярлықты қалыптастыру, оны тікелей басқару жағдайында ғана мүмкін екендігін атап көрсетеді. А.А.Кирсанов студенттердің оқу әрекетін оқытушының тарапынан басқару, олардың немесе іс-әрекетін қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады деп санайды. В.А.Сластенин мұғалімнің іс-әрекетіндегі басқарушылық тәсілді негіздей отырып, педагогикалық іс-әрекеттің әлеуметтік басқарудың педагогикалық міндеттерін шешу үдерісі деп санайды[3].

Студентті ақпараттық технологияларды қолдану бойынша білімді меңгеру үдерісін басқарудың субъектісі ретінде қарастырамыз, ал басқаруды оқытушының студентке әсер ету ретінде емес, оқытушы мен студенттің өзара іс-әрекеті ретінде қарастырамыз. Біздің түсіндіруіміз бойынша, кәсіби іс-әрекетте болашақ мұғалімнің ақпараттық технологияларды қолдану даярлығын қалыптастыру үдерісін басқару, студентті объекіден басқару субъектісіне айналдыруды жүзеге асырудан тұрады. Өзінің іс-әрекетінде студенттің ақпараттық технологияларды қолданудың қалыптасқан даярлығы – бұл өзіндік басқарылатын іс-әрекет, сондықтан біздің қарастыратын педагогикалық шарттарды оқытушы мен студенттің өзіндік басқару деңгейінде, басқарудың болуы ретінде анықтаймыз. Бұдан басқа, біз келесі заңдылықтарға сүйенеміз: сыртқы әсерлердің тұлғаның ішкі қажеттіліктеріне қаншалықты сәйкес келсе, онда олардың өзіндік белсенділігін жүзеге асыру үшін, жағдайлармен қамтамасыз етіледі, бұнда іс-әрекеті өзіндік басқарудың деңгейі жоғары болады. Осыдан келіп, оқытушының алдында келесі міндет пайда болады – студенттердің қажеттіліктеріне сүйене отырып, олардың белсенділігі мен өзбетінділігі дәрежесін арттыра отырып, кәсіби іс-әрекетте студенттердің ақпараттық технологияларды қолдану даярлығын қалыптастыру үдерісін басқарудың қолайлы шамасын таңдау; бұнда келесі арақатынас сақталу қажет: басқару шамасы көп болса – студенттердің іс-әрекеттегі белсенділігі мен өзбетінділігі деңгейі төмен болады, ал басқару шамасы аз болса – белсенділік пен өзбетінділік деңгейі жоғары болады. Осыған байланысты, бізге Н.Д.Никандровтың көзқарасы жақын келеді: «оқытуды толық басқару жағдайында меңгеру ретінде мүмкін, оқытудың мақсаты - тұлғаның ойлауын және басқа қасиеттерін дамыту болып табылады, ол басқару шамасын азайтуды, студенттерге көп шамада өзбетінділік ұсыну қажеттілігін талап етеді» [4].

Болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолдану даярлығын қалыптастырудың келесі шарты – бұл кәсіби іс-әрекетте ақпараттық технологияларды қолдану бойынша оқу материалын берудің модульды технологиясын қолдану. Зерттеу барысында, біз кәсіби іс-әрекетте болашақ мұғалімнің ақпараттық технологияларды қолдану даярлығын қалыптастырудың формаларын іздеу мәселесін қарастырдық, олар бір жағынан, білім алушылардың жұмысын индивидуализациялауды, екінші жағынан, студенттердің ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін зерттеу бойынша, оларды іс-әрекетке енгізу үдерісінің технологиялығын қамтамасыз етеді. Сонымен, аталған мәселені оқытудағы модульды тәсілдің мүмкіндіктерін қолдану арқылы шешуге болады.

Қазіргі кезде, педагогикалық тәжірибеде модульды тәсіл кең қолданылады, оның кәсіби оқытудың тиімділігіне жағымды әсері мәнді болып саналады. Модульды тәсілдің негізіне келесі принциптер алынады: жүйелілік, құрылымдау, модульдық, динамикалық, мақсаттарды саналау және кері байланыс, белсенділік және көрнекілік. Оқытудың модульды жүйесі талап етілген нәтижелерге толық жетуге мүмкіндіктермен қамтамасыз етет отырып, осы үдерістің орталық фигурасы ретінде білім берушіні алады.

Сонымен, студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастыру шарттары, студенттің өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, мамандық сапасын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үлесі мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего образования: Учебное пособие для студентов пед. слушателей института повышения квалификации преподавателей пед. дисциплин ун-тов и пед. Инст. – М.: Просвещение.– 208с.

2. Алейников В.В. Подготовка будущего учителя гуманитарных дисциплин к использованию компьютерных технологий в учебном процессе // В сб. материалов VII Международной конференции-выставки «Информационные технологии в образовании» - М. ЗАО «Издательство БИНОМ». - С 9.

3. Б.А. Әлмұхамбетова, М.А.Ғалымжанова. Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық –коммуникациялық технологиялардың қолданылуы. «Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырудағы инновациялық технологиялардың ролі мен маңызы» Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары (30 сәуір 2008 жыл).

4. К.М.Беркімбаев. Г.Ж.Ниязова. Студенттердің кәсіптік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде қалыптастырудың тиімділігін зерттеу нәтижелері. “Шоқан тағылымы-13” Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Том 6. Көкшетау, 2008. –Б. 272-275.

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНДА ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Төрбеков Ерболат Есенұлы

*заң ғылымдарының магистрі, БСМЖББ аға оқытушы-әдіскері, полиция майоры
ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, 030011 Ақтөбе,
41 разъезд Курсанттар тас жолы 1;*

Бұл мақалада педагогика ғылымында тәрбие мен оқытудың мақсаты мен міндеттері, қоғамдағы тәрбиенің қызметі, жеке тұлғаның даму идеясы туралы айтылған.

Түйінді сөздер: жеке тұлға, мақсат, педагогика, тұлғалық даму, идеология, тәрбие әдістері, тәрбие тәсілдері.

ЦЕЛИ И ЗАДАЧИ ВОСПИТАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ В НАУКЕ ПЕДАГОГИКА

Турбеков Ерболат Есенович

*магистр юридических наук, старший преподаватель-методист ОМиККО,
майор полиции
Актюбинского юридического института МВД РК им. М.Букенбаева, 030011 г. Актобе,
41 разъезд Курсантское шоссе 1;*

Данная статья раскрывает цели и задачи воспитания и обучения в науке педагогика, рассказывает о помощи воспитания в обществе, об идей личностного развития.

Ключевые слова: личность, цель, педагогика, личностное развитие, идеология, методы воспитания.

THE AIMS AND TASKS OF TRAINING AND EDUCATION IN THE SCIENCE PEDAGOGI

Torebekov Yerbolat Esenuly

*Master of Law, Senior Teacher-Methodist, of Department of monitoring and controlling the quality
of education the maior of police
Aktobe Law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after
M.Bukembaev Cadet highway, 1;*

The article deals with aims and tasks of training and education in the science pedagogy, and tells about help training in society.

Key words: person, aim, pedagogy, ideology, methods of training.

Мақсат - бұл ғылыми түсінік, ол белгілі бір әрекеттің түпкі нәтижесін сезіну деп түсіну керек. Оны ойдан шығаруға болмайды.

Мақсат - белгілі бір межеге қол жеткізуге бағытталған әрекеттің ой-санадағы көрінісі. Мақсат тікелей міндет ретінде іс-қимылды бағыттап, реттеп отырады. Мақсат адам санасының белсенді жағын білдіре отырып, объективті заңдарға, қоршаған ортаның және субъективтінің нақты мүмкіндіктеріне сай келуі керек, сонда ғана адамдардың нысаналы қызметінде азаттық пен қажеттілік арасындағы диалектикалық қарым-қатынас көрініс табады. Мақсат шындықты жүзеге асыру үшін қажет белгілі құралдармен бірлесе іс-қимыл

жасағанда ғана оны өзгерте алатын күшке айналады. Мақсат келешектегі, таяудағы тікелей, жалпылама, жеке, аралық және түпкі мақсаттарға бөлінеді.

Орыстың ұлы сыншысы В.Г. Белинский «Адамды табиғат жаратқанымен, оны өсіріп, тәрбиелейтін-қоғам», -деп өте орынды айтқан. Педагогика ғылымында тәрбие мен оқытудың мақсаты және міндеттерін қарастырғанда оны әрқашанда қоғаммен бірлікте, қоғамдық құбылыс ретінде, қоғамның талаптарымен байланысты қарастырады. Тәрбие мен оқыту қоғамдық категория ретінде оның талаптарын объективті түрде білдіреді. Яғни, «тәрбиесіз қоғам, қоғамсыз тәрбие өмір сүрмейді»- деген қағидаға сүйенсек, онда тәрбиенің мақсаты қоғамның мақсатымен бірлікте болады. Сондықтан да қоғамдағы тәрбиенің қызметі қоғамның мақсатын, талап-тілектерін іс жүзіне асыру болып табылады. Бұл талаптар әр кезде қоғамдағы өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың даму дәрежесімен байланысты анықталады. Олай болса «Тәрбиедегі мақсат адамды, һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлты бақытты. Адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. «Тәрбиедегі мақсат-адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару.» [1].

Қоғамның материалдық негізі мен идеологиясының өсуі әртүрлі қоғамдық-экономикалық формацияның алмасуына ықпал етеді. Ол өз алдына тәрбие мен оқытудың мақсат-міндеттерін, оның мазмұны және әдістерінің өзгеруіне де себепші болады. Бізге мәлім, ерте замандағы педагогтар әрекетінде тәрбиенің мақсат-міндеттерін белгілеуде ортақ пікір болмаған. Ол негізінде 2 бағытта өрбіген.

1. Прогрессивтік идея-жалпыға бірдей білім бере отыра жеке басты жан-жақты, үйлесімді дамыту.

2. Реакциялық идея-үстем таптың мүддесін көздеп, дін мен идеалистік философияның теорияларын уағыздады.

Бүгінгі таңда қоғамның жаңы сатыға, жаңа сапалық жағдайға көтерілуі еліміздің әлеуметтік-экономикалық саласында жаңа міндеттерді, жаңа талаптарды шешуді жүктеп отыр. Егерде қоғамның әлеуметтік саласында қайта құру міндеті жүктелсе, яғни, ол жалпы орта білім және тәрбие беретін мекемелер алдына жаңа сатыдағы сапа жағынан жаңа міндеттерді шешудің объективтік қажеттілігі туындағанын көрсетеді.

«Педагогика ғылымы тәрбиенің мақсатын жеке адамды жан-жақты дамыту, әділетті қоғамды өз қолымен құратын және оны қорғай алатын азамат етіп тәрбиелеу деп қарастырылады. Тұлғаны жан-жақты жетілдіріп, дамыту ұғымы-оқу мен жастардың практикалық еңбегінің тікелей байланысы, дененің және ақыл-ой дамуының біртұтастығы»

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту идеясы ертедегі Грек мемлекетінде пайда болып, өткен дәуірдегі алдыңғы қатарлы прогресшіл ойшылдары терең толғантқан. Педагогикалық және философиялық еңбектерден «жан-жақты дамыту» идеясы туралы көзқарастар қайта өрлеу дәуірінен бастау алған /XV-XVIғ.ғ/. Олардың негізінде дене және рухани сұлулықтың үйлесімді дамуы, жетуі-тек адамдардың өнермен, гимнастикамен айналысуы.

Аристотельдің көзқарасында - дене, адамгершілік және ақыл-ой тәрбиесі тұлғаның жан-жақты дамуы ретінде қарастырса, қайта өрлеу дәуіріндегі гуманистер Витторино да Фельтре, Ф.Рабле, М.Мантень, Э.Роттердамский жан-жақты идеясын дамыта отырып, тұлғаның «эстетикалық дамуы» қажеттілігіне назар аударды. Кейіннен жеке тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуы жайында пікірлер социал-утопистер Томас-Мор, Т.Кампанелла, Р.Оуэн, Сен-Симон еңбектерінде де дұрыс көзқарасқа әрі толық мазмұнға ие болды. Олар қоғамның барлық мүшелері қатысқан «еңбек пен оқытудың бірлігін» жан-жақты даму деп қарастырды. Бірақ та қанаушы тапқа бөлінген қоғам жағдайында бұл ойды жүзеге асыру мүмкіндігі болмады. Сондықтан да бұл арман «утопистік» сипатта қала берді.

XVIIғ француз философ-ағартушылары Гельвецию және Дидро еңбектерінде бұл ойдың негізіне «ақыл-ой мен адамгершілік тәрбиесін» қарастырады. Ж.Ж Руссо бұл пікірге

терең талдау жасап, табиғатпен дұрыс қарым-қатынас жасай білетін барлық балаларды еңбекке тарту қажеттігі жайында өз пікірін уағыздайды.

Жан-жақты дамыту идеясын орыстың революцияшыл-демократиялық педагогикасының негізін қалаушылары Н.Г Чернышевский мен Н.А Добролюбовтар да қолдады. Н.Г Чернышевский тәрбиенің мақсаты жайлы-қоғамдық идея жағынан ұстамды, күрес адамын, революционерді тәрбиелеу, халық мүддесін ойлайтын «азаматтық істерге» араласа алатын, адал ниетті адамдар тәрбиелеу деп жаңа қоғам үшін күрескерлерге қажетті қасиеттер жөнінде өз көзқарасын білдірді.

Маркстік философияның негізін қалаушылар К.Маркс пен Ф.Энгельс тұлғаның жан-жақты дамуы жайлы пікірлерінде «ақыл-ой» тәрбиесімен «дене» тәрбиесін бірлікте қарастырып, жастардың практикалық қызметін «техникалық оқумен» ұштастырды. Тәрбиенің мақсатын қоғам дамуымен бірлікте қарастырып, қоғамдағы өндіріс күштерінің даму заңдылықтарына терең талдау жасап, қоғамдағы еңбек бөлінісінің біржақтылығы, адам баласының біржақты дамуына әсер еткенін, еңбек тәрбиесі мен ақыл-ой тәрбиесінің алшақтығы таптық қоғамда тәрбие мақсатының сипатында екі жақты айырмашылықтың болғанын өз дәуірінде ғылыми түрде дәлелдеп берді. Сонымен қатар, олар барлық жастағы адамдарда қабілет, талант немесе дене тәрбиесі біркелкі дамымайтындығын айта келе, ол үшін жас өспірімдерге бірдей жағдай туғызу қажеттігіне аса назар аударды[2].

К.Маркс пен Ф.Энгельстің пікірлеріне терең талдау жасап, Ленин адам баласының бойындағы таланттың сырын ашып, оған жағдай жасайтын күш «мектеп» екендігіне, тұлғаны жан-жақты дамытуда мектептің негізгі құрал болатындығына көз жеткізе дәлелдеді.

Қорыта айтқанда, тұлғаның жан-жақты дамуына арқау болатын М.Жұмабаевтың айтқан «Тәрбиедегі мақсат - адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару» деген пікіріне қосыла отырып, ол үшін әрбір тұлғаның өзіне тән адами қасиеттерін қалыптастырып, дербес ерекшеліктерін жан-жақты әрі үйлесімді дамыту қажеттілігіне сай.

Жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастыру дегеніміз:

- отанына берілгендікті, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға дайындығын, бейбітшілік үшін, халықтардың достығы мен ынтымағы үшін, еңбекшілердің бақыты үшін арнаулы даярлықты тәрбиелеу.

- ғылым, мәдениет, техника саласындағы білімдер жүйесін және өндірісті ұйымдастырудың даму жағдайларын игере білуін тәрбиелеу.

- адамгершілік қасиеттерді барынша құрметтеушілік, адамдарға деген қамқорлық жасау және оларға ілтипатпен қараушылық, жолдастық пен адалдық, шыншылдық, жауапкершілік сезімдерге тәрбиелеу.

- еңбекте адал қарым-қатынасын, қоғам игілігі үшін материалдық өндіріс саласында еңбек етуге даяр болуы, еңбек ету қажеттілігін түсінуге, еңбек адамын құрмет етуге тәрбиелеу.

- әсемдікті барынша сезіне білуді, шын көріктілікті жасандылықтан ажырата білуді, музыкаға, өнерге, әдебиетке ынтыласын үнемі жетілдіруге талпынысын, құштарлығын, табиғатты сүйуге тәрбиешілерді тәрбиелеу.

- денсаулығы мықты және дене құрылысы жақсы дамыған, дене шынықтырумен үнемі шұғылданатын адамды тәрбиелеу.

- табиғатты қорғау, оның байлығын көздің қарашығындай сақтау, адам өмірінің бастауы-жер, су, ауа, аң, өсімдіктерді бағалау, қастерлеу, сақтау рухында тәрбиелеу т.с.с[3].

Тәрбие мақсатына сай бұл мәселелерді ұйымдастыру немесе жүзеге асыру «тәрбиенің салалары» ақыл-ой тәрбиесі, азаматтық тәрбие, адамгершілік тәрбиесі, эстетикалық және дене, экологиялық т.б көптеген тәрбие міндеттерін жүзеге асыру негізінде атқарылады.

1. Халыққа білім беру жүйесін үнемі жетілдіріп, дамытып отыру.

2. Оқу-тәрбие беретін мекемелердің материалдық-техникалық базасын үнемі жақсартып отыру.

3. Күндізгі және сырттай оқу орындарының жүйесі арқылы, өздігінен білім алу жолымен де жастардың білім алуы үшін кең мүмкіндіктер беру.

4. Мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесін құру: клубтар, мәденет сарайлары, кітапханалар, лекторийлар т.б ұтымды ұйымдастыру.

5. Жастардың денсаулығына қамқорлық жасау, олардың жаппай дене тәрбиесімен күн сайын айналысуын насихаттау, мүмкіншілікжасау. Спорт секцияларын ұйымдастыру, спорт залдарын қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету.

6. Халықтың әл-ауқатын, тұрмыс-жағдайын, материалдық ахуалын жақсарту.

7. Тәрбие процесінде халықтық педагогиканы кенінен пайдалану. Аға ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесін меңгерту.

8. Жастардың бос уақытын, демалысын тиімді ұйымдастыру, өздері қалаған шығармашылық жұмыстармен айналысуға барынша қолдау көрсетіп, жағдайлар туғызу.

9. Тәрбиешілердің білім дәрежелері мен шеберліктерін үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Осы мәселелерді өмір талабына сай ұйымдастыру, жас ұрпақты «үйлесімді» етіп тәрбиелеудің негізі болады. Жеке тұлғаны барлық жағынан қалыптастыруда тәрбие салаларының міндеттерін жүзеге асыру, олардың бірлігі мен өзара байланысын қамтамасыз етудің маңызы зор. Себебі, жеке тұлғаның қасиеттері жеке дара болып қалыптаспайды. Керісінше, олар әрдайым бір мезгілде, тұтастық принципіне сай құрылады. Сондықтан да тәрбие процесін жоспарлау, оның мазмұны мен әдістерін, сондай-ақ нәтижесін жүйелі есепке алу, бағалаудың бірлігін қамтамасыз ету, яғни тәрбие қызметінің барлық буындарының бірлігін, өзара байланысын қамтамасыз ету әсіресе мектептің осы бағыттағы жұмыстарының негізгі бір буыны болып есептелінеді.

Кеңестік педагогиканың алғашқы қалыптасып даму кезеңдерінде тәрбие теориясының жалпы негіздерін жасауға, оның негізгі мазмұнын, принциптерін, формалары мен әдістерін ашып көрсетуге баытталса, 30 ж бастап тәрбие беру қызметінің жеке түрлерін, ақыл-ой, қоғамдық-саяси, адамгершілік, эстетикалық, атеистік, еңбек тәрбиесі ерекше маңызға ие болып, олардың қызметін жеке-дара зерттеу, талдау жұмыстарына ерекше назар аударылыды. Дегенмен де олардың қызметі бір-бірінен оқшау қарастырылады. Яғни, педагогикалық әдебиеттерде тәрбие беруге «функционалдық» тұрғыдан қарау кең жайылды. Тұлғаны біртұтастық принципке алу толық қарастырылмады. Жан-жақты үйлесімді дамыған адам деп-өзінің бойындағы рухани байлықты, моралдық тазалықты және дене жағынан жетілгендікті үйлестіре, ұштастыра білген, сана-сезімі жоғары, өмірдің түрлі салаларында белсенді қызмет етуге қабілетті, ізгіленген және әрекетшіл тұлға.

Жеке тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуы халыққа білім беру мен кәсіптік даярлық жүйесін үздіксіз жетілдіруді, теориялық білімді өнімді еңбекпен, қоғамдық өмірмен үнемі байланыстырып отыруды міндеттейді. Мұндағы мақсат-өскелең жас ұрпақты қоғам жұмысына белсене қатысуға әзірлеу. Тұлғаның адами қасиеттерін барлық жағынан дамыту, оның тек жеке басының қажеттілігін ғана қамтамасыз етуді көздемеуді, сонымен бірге, өзі өмір сүріп отырған қоғамның мүддесін де қорғайды[4].

Қайта өрлеу дәуірінен бастау алған тәрбие мақсаты әрбір жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастырып, дамыту мәселесі кеңестік дәуірде үлкен маңызға ие болғанымен, «социализм» күрделі мәселені шешуде тек берік негіз қалады. Осы мәселе елдің әлеуметтік-экономикалық саласының өрлеуімен тығыз болғандықтан, әлеуметтік салада материалдық-техникалық базаның жеткіліксіз дамуы оған бірден-бір дәлел.

Тәрбие әдістері - тәрбие процесінің маңызды әрі өте күрделі құрамдас бөлігі. Себебі, тәрбиенің мақсат пен міндеттеріне сай оның мазмұны тек әдістерді қолдану барысында жүзеге асады. Тәрбие әдістерінің көздейтін мақсаты-тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, соның негізінде олардың әрекеттерін ұйымдастыру.

А.С Макаренко тәрбие әдістерін психологиялық тұрғыдан оны баланың жеке басына жанасудың, ықпал етудің құралы ретінде қарастырса, В.А Слостенин, Ю.К Бабанскийдің педагогикалық еңбектерінде оны тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің іс-әрекеттерінің өзара байланыс тәсілдері деп сипаттайды. Т.А Ильинаның «Педагогика» атты оқулығында тәрбие әдістеріне анықтама тәрбиешінің оқушылардың бойына социалистік көзқарасты және мінез-құлық әдістері мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында олардың санасы мен ерік күшіне ықпал ету тәсілдерінің жиынтығы ретінде тұжырымдалған.

